

**БҰЙРЫҚ**

**«20» желтоқсан 2017 ж.**

**№40**

Астана қ.

**«Астана» халықаралық қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету шарттары мен тәртібін бекіту жөнінде**

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының 4 және 7-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Астана» халықаралық қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету шарттары мен тәртібі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**«Астана» халықаралық  
қаржы орталығының Басқарушысы**

**Қ. Келімбетов**

«Келісілді»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

К. Мәсімов

«Келісілді»

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

«Келісілді»

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

Қ. Әбдірахманов

«Астана» халықаралық  
қаржы орталығы Басқарушысының  
2017 жылғы «20» желтоқсандағы  
№ 40 бұйрығымен бекітілді

**«Астана» халықаралық қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру  
үшін Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ  
адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан  
Республикасынан кету шарттары мен тәртібі**

**Жалпы ережелер**

1. Осы «Астана» халықаралық қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету шарттары мен тәртібі (бұдан әрі – Шарттар мен тәртіп) «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңына сәйкес әзірленген.

Осы Шарттар мен тәртіппен көзделмеген жағдайларда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес айқындалады.

2. АХҚО органдары мен АХҚО қатысушылары өздері шақырған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың осы Шарттар мен тәртіпті сақтауын қамтамасыз етеді.

3. Егер шақырушы тарап пен көшіп келуші осы Шарттар мен тәртіпті сақтамаған жағдайда, АХҚО-ның уәкілетті органы осы Шарттар мен тәртіптің 7, 8 және 10-тармақтарында көзделген құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

4. Осы Шарттар мен тәртіпте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) «Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекарасы бар, ерекше құқықтық режим қолданылатын Астана қаласының шегіндегі аумақ;

2) АХҚО-ның уәкілетті органы – АХҚО қатысушылары және органдары тартқан шетелдік жұмыс күшінің есебін жүзеге асыратын, сондай-ақ осы Шарттар мен тәртіпке сәйкес АХҚО әкімшілігінің уәкілетті құрылымдық бөлімшесі/ұйымы арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша шетелдік жұмыскерлерге визалар алуына жәрдемдесетін АХҚО әкімшілігі;

3) көшіп келуші – АХҚО-да қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына келетін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

4) шетелдік жұмыскер – АХҚО қатысушысымен немесе органымен еңбек қатынастарында тұратын, міндеттеріне АХҚО қатысушысының немесе органының негізгі міндеттерін және мақсаттарын іске асыру кіретін көшіп келуші;

5) шақырушы тарап – АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген/аккредиттелген және Қазақстан Республикасына/-нан кіруге/кетуге виза алаушының кіруіне/кетуіне жәрдемдесетін АХҚО-ның органдары мен АХҚО-ның қатысушылары;

6) келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі – виза) – осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп келушінің төлқұжатындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы визада белгіленген мерзімге, мақсатына және шартына сай Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы өтуге, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық беретін белгі;

7) қолдауат – шақырушы тараптың, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келуге ниеті бар виза алушылардың жазбаша өтініштері.

## **I тарау. Қазақстан Республикасына келу шарттары**

5. АХҚО-ның уәкілетті органы халықаралық стандарттарға және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес, оның ішінде қызмет түрі, сондай-ақ АХҚО аумағындағы кеңсе орын-жайларының ауданына сәйкес шақырушы тарап тарта алатын шетелдік жұмыскерлердің шекті рұқсат етілген санын айқындайды.

Тартылатын шетелдік жұмыскерлердің шекті санын айқындау бойынша АХҚО-ның уәкілетті органы айқындаған шарттарды сақтау шақырушы тарап үшін міндетті болып табылады.

Шақырушы тарап АХҚО-ның уәкілетті органына жылына кемінде бір рет немесе кеңсе орын-жайы немесе қызмет түрі өзгерген жағдайда 30 күндік мерзімде мына құжаттарды:

- АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) тіркеу туралы анықтаманың көшірмесін;

- заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжатты (жалға алу, сатып алу-сату шартының, тараптар, мекенжай, орын-жайдың ауданы және жалға алу мерзімі міндетті түрде көрсетілген жылжымайтын мүлікке меншік құқығын

растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі) ұсынады.

## **II тарау. Қазақстан Республикасына келу тәртібі**

6. Қазақстан Республикасында уақытша болатын көшіп келушілер, Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе Қазақстан Республикасының тиісті санаттағы визаларынсыз АХҚО-да қызметті жүзеге асыруға жіберілмейді.

7. Қазақстан Республикасының визасын алуға шақыру шақырушы тараптың қолдаухаты негізінде АХҚО-ның уәкілетті органы арқылы ресімделеді.

8. Көшіп келушілерді тіркеу, сондай-ақ тіркеу мерзімін ұзарту халықтың көші-қоны саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АХҚО-ның уәкілетті органы арқылы жүзеге асырылады.

## **III тарау. Қазақстан Республикасынан кету шарттары мен тәртібі**

9. Еңбек шартының немесе жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) жөніндегі азаматтық-құқықтық шарттың мерзімі аяқталған немесе бұл шарттар бұзылған кезде шақырушы тарап АХҚО-ның уәкілетті органы арқылы шетелдік жұмыскердің қолданыстағы визасының күшін жою туралы қолдаухат ұсынады.

10. Визалардың күшін жою, мерзімін ұзарту және қалпына келтіру АХҚО-ның уәкілетті органы арқылы шақырушы тарап ресімдеген қолдаухаттың негізінде жүзеге асырылады.

11. Егер көшіп келуші Қазақстан Республикасынан өз қаражаты есебінен кете алмаған жағдайда, шақырушы тарап көшіп келушінің Қазақстан Республикасынан дер уақытында кетуімен байланысты қаржы міндеттемелерін өзіне алады.